


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№9, 2019

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Тарақов Ә.С. Абайдың аудармашылық таланты: оқу құралы / Ә.С.

Тарақов. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 259 б.

Ұлы ақынның Батыс әдебиетінен Гете, Шиллер, Байрон, А. Мицкевич, орыс классикасынан А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов, И. Бунин, Я. Полонскийден тәржімелеген туындылары талданып, бағаланады.

Қазақ поэзиясының классигі, ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың көркем аудармадағы ізденістері мен шеберлігі бұдан бұрын да зерттеліп, жекелеген аудармалары талданып, бағаланғанымен, заманауи аударматану ғылымы негізінде, түпнұсқамен салыстыра қайта сараптап, пайымдау – уақыт талабы. Филология ғылымының докторы, профессор Ә.С. Тарақов Абайдың Батыс және орыс ақындарынан аударған туындыларын жан-жақты зерттеді. Классиктердің шығармашылық өмір жолы берілген. Сонымен бірге поэзиясының аудармалары теориялық тұрғыдан терең талданады. Әр аудармадағы Абайдың ізденісін, балама, сәйкестік табу шеберлігін, аудару тәсілдері мен шешімдерін түпнұсқамен аударманы салыстыра айқындап, дәлелдейді. Әр аударманы нақты талдап, сараптап, Абайдың аудармашылық талантын ерекшелейді. Шығыс пен батыс әдеби сабақтастығын саралайды.




Мысаева Қ. Қасым Қайсеновтің публицистикасы: монография / Қ. Мысаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 166 б.

Бұл ғылыми еңбекте Ұлы Отан соғысының даңқты партизаны, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, жазушы, публицист Касым Қайсеновтің публицистикалық мұрасы қамтылған. Сонымен қатар Қ. Қайсенов публицистикасының үлгілері - мақалалары, көркем очерктері, естеліктері жан-жақты талданып, алғаш рет толық тізімі жасалған.

Раймбекова М.Т. Кітапхана каталогтары: оқу құралы / М.Т. Раймбекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.-210б.


Оқу құралы кітапхана қорының мазмұнын көрсетуде, оқырмандардың қажетті кітапты тауып алуында, кітапхана міндеттерін шешуде маңызды еңбек болып табылады. Кітапхана каталогтары, сонымен қатар кітаптарды насихаттап, оқырмандарға ғылыми және көркемдік жағынан бағалы туындыларды таңдауға көмектесуде көмекші құрал.


Бұл еңбекте осы тұрғыдан алғанда кітапхана каталогтарының жүйесі, түрлері мен функциялары, картотекалар мен мәліметгер базасы, қазіргі таңдағы электронды каталог пен кітапханалар жүйелерін біріктіру мен интеграциялау үшін жасалынған бағдарламалар туралы жан-жақты мәліметтерді қамтиды. Сонымен қатар кітапхана каталогтарының мәні, теориясы мен типтері, әдістемелік негіздері туралы білім беру көзделген.



Егізбаева М.Қ. Түркі әлемінің этнографиясы: оқу құралы / М.Қ. Егізбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 342 б.

Оқу құралында түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетіне жататын дәстүрлі баспанасы, киім-кешегі, тағамы мен отбасылық әдет-ғұрыптарымен (той жасау, бала туу және оның тәрбиесі, өлік жөнелту) байланысты мәселелер қарастырылады. Кітапта түркі халықтарының баспана түрлерінің қалыптасуы, салыну тәсілдері мен техникасы, құрылыс материалдары және киім түрлері, оның жастық, жыныстық айырмашылықтары, жасалу технологиясы сияқты мәселелер зерделенеді. Сонымен қатар түркі халықтарының тағам түрлері, оның жасалу әдістері сараланады.





Әлеуметтанулық зерттеулердегі сандық және сапалық әдістер: оқу құралы / А.Т. Омарова, С.М. Дүйсенова, С.А. Амитов, И.С. Сарыбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 140 б.

Оқу құралында әлеуметтанудағы сандық және сапалық тәсілдердің дамуының салыстырмалы тарихына толығымен шолу жасалған. Сонымен қатар сандық және сапалық дәстүрлердің тарихи өзара әрекеттестігі, методологияның эпистемологиялық тамыры: неоканттық философиялық дәстүрі, әдістеменің тұжырымдамалық негізі, сапалы-сандық интерфейс: сапалық және сандық әдістердің үйлесуі, сауалнама зерттеу құралы ретінде және сұрақтардың жіктелуі секілді мәселелер толығымен қарастырылған.



Экологиялық биофизика: оқу құралы / құраст.: В.М. Инюшин, С.Т. Тулеуханов, Л.Ж. Гумарова, М.С. Кулбаева [және т.б.]. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 126 б.

Биофизика және биомедицина кафедрасының авторлық ұжымы профессор С.Т. Тулеухановтың басшылығымен жазып шығарған оқу құралы «Экологиялық биофизика» курсы бағдарламасының талаптарына сай келеді және эколог-мамандардың практикалық жұмыстарында қолдануларына болады.

Үмбетаев М.С. Сүйінбайтану: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.-290 б.


Қазақ халқының ұлы ақыны, өлең сөздің пірі Сүйінбай Аронұлының дүниеге келгеніне 2015 жылы 200 жыл толды. Осы айтулы мерейтой құрметіне орай даңқты ақынның әдеби көркем шығармалары жан-жақты толық қарастырылып, егжей-тегжейлі талданған оқу құралын ұсынып отырмыз. Өйткені республикамыздың барлық гуманитарлық бағыттағы университеттері мен педагогикалық институттарының филология факультеттерінде XIX ғасыр әдебиетінің тарихы бойынша Сүйінбай ақынның ғұмырнамасы мен әдеби мұралары және «Сүйінбайтану» атты арнаулы курс оқытылып келеді. Сондай-ақ жалпы білім беретін он бір жылдық орта мектептердің де әдебиет пәндеріне арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарына Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығы енгізілген.

Кітапта жыр дүлдүлі Сүйінбайға қатысты тыңнан табылған әдеби-тарихи деректер, ел аузында жүрген әр алуан әпсана-аңыздар мен естеліктер бүгінгі көзқарас тұрғысынан екшелді.

Аскарова З.А. Қан физиологиясы: оқу құралы / З.А. Аскарова, Г.Т. Сраилова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 126 б.

Оқу құралы қан жүйесінің қызметіндегі механизм ерекшеліктерінің, ағзаның біртұтастығын сақтауда олардың маңызы және оның сыртқы орта жағдайына бейімделуінде реактивтілікті қасиетін студенттер түсініп, іс жүзінде білімдерін қолдана алуына негізгі теориялық мәлімдемелер қалыптастырады.


Қан физиологиясын білу студенттердің теориялық білімдерімен қоса эксперименттік жұмыстарын меңгеруін қарастырады. Алғашқысы дәрістер барысында өзіндік жұмыспен және оқу материалымен, екіншісі зертханалық сабақтарда меңгеріледі.





Боголюбова Е.В. Динамикалық метеорология негіздері / Е.В. Боголюбова, Ғ.Т. Сулейменова; орыс тілінен ауд. Ғ.Т. Сулейменова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 174 б.

Бұл оқу құралында динамикалық (теориялық) метеорологияның жалпы принциптері, теориялық ережелері және міндеттері қарастырылады. Векторлы талдау мен өріс теориясы ұғымдарының негізінде атмосфераға гидротермодинамиканың заңдарын қолдану талданады. Атмосфералық қозғалыстарды термодинамикалық әдістермен зерттейтін, атмосфера туралы физикалық ғылым ретінде динамикалық метеорологияның қалыптасу тарихы келтіріледі. Атмосферадағы процестерді сипаттайтын гидротермодинамиканың теңдеулер жүйесі физиканың іргелі заңдарынан - импульстің немесе қозғалыс мөлшерінің, салмақтың және энергияның сақталу заңдарынан шығарылады. Бұл ғылым ауа райын болжаудың ғылыми негізі болып табылады.




Сабыр М. Қыпшақтану: оқу құралы / М. Сабыр. - Алматы: «Қазақ университеті», 2019. - 250 б.

Оқу құралында қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болғанмен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала екені нақты дәлелдермен көрсетілген. Негізгі мақсаты - қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуына негіз болған қыпшақтық өркениетпен таныстыру, көне қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің сабақтастығын зерделеу. Оқу құралында түркі тілдерінің жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орны, қазіргі қыпшақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Байырғы қыпшақтардың шаруашылығы мен мәдениеті, дүниетанымы, әскери өнері туралы мол мағлұмат берілген. Бүгінгі қыпшақ тілдерінің әдеби тіл болып қалыптасуы, мемлекеттік мәртебесі, саяси-әлеуметтік жағдайы сарапталған.




Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі: оқу құралы / Н.А. Асанов, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова [және т.б.]. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 168 б.

Бұл оқу құралында «руханилық», «адамгершілік», «рухани адамгершілік» ұғымдарына анықтама берген шетелдік, ресейлік, отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, тұлға бойына рухани-адамгершіліктің үлгісін қалыптастыру жолдары қарастырылған.




Асанова Б.С. Құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу: оқу құралы / Б.С. Асанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 162 б.

Оқу құралында құжаттарды аналитикалық және синтетикалық өңдеудің негізгі процестері, оны автоматтандыру, әртүрлі құжаттарға жасалатын библиографиялық сипаттамаларды құрастырудың жалпы әдістемесін «Ақпараттандыру, кітапхана және баспа ісі стандарттары» жүйесіне сәйкес жіктеу, құжаттарды индекстеу, пәндестіру, аннотациялау әдістері баяндалады.



Бейорганикалық заттардың механохимиясы: оқу-әдістемелік құралы / Е.Г. Аввакумов, Г.С. Қуанышева /, Б.Д. Балғышева [және т.б.]; орыс тілінен ауд. Б.Д. Балғышева. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 192 б.


Оқу-әдістемелік құралында пән туралы кіріспе, бейорганикалық заттардың механохимиялық синтезі, тәжірибеде жасалған механохимиялық реакциялардың мысалдары, олардың ерекшеліктері, қолданбалы мәндері, сонымен қатар кафедрада бар реактивтер мен құрал-жабдықтарда жасауға болатын ұсынылатын зертханалық жұмыстар келтіріледі.



Сапаров Қ.Ә. Цитология және гистология: оқу құралы / Қ.Ә. Сапаров. - Өнд., толықт. 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.-312 б.

Оқу құралының 1-бөлімінде клеткалардың құрылысы, дамуы, өсіп-өнуі, сондай-ақ зат алмасу кезіндегі қызметі туралы баяндалады. Клетканың жалпы құрылысы, оның құрамындағы негізгі құрылымдар (ядро, мембраналар, органоидтар) туралы жеке-жеке айтылады.

2-бөлімінде ұлпалардың құрылысы, қызметтері, олардың ерекшеліктері туралы мағлұматтар: эпителий, ішкі орта, бұлшық ет және нерв ұлпаларына түсініктемелер берілген.



Байгунаков Д.С. Қазақстандағы музей ісі: оқу құралы / Д.С. Байгунаков. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 192 б.


Оқу құралында Қазақстандағы музей ісі, оның тарихи дамуы мен қазіргі жай-күйі, негізгі бағыттары туралы ақпараттар легі беріледі. Еңбекте музей ісі, оның мақсаты мен міндеттері, музейде жүргізілетін жұмыстардың басты ерекшеліктері, бүгінгі таңдағы дамуы, музей ісінің басқа салалармен байланысы, құқықтық жай-жапсарлары, әдістемесі, қолданбалы жалпы негізі, инновациялық-технологиялық ерекшеліктері, т.б. сипатталып жазылған.



Негимов, С. Шығармалары. Бес томдық / С. Негимов. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. -Т.2: Жыраулар поэзиясы. Монография. - 400 б.


Бұл томда XV-XX ғасырларда ғұмыр кешкен Ұлы Дала жыраулары мен жыршы-ақындарының көркемдік дүниетанымы, поэзиялық лексиканың ұлттық ерекшеліктері, фольклор тілінің стилистикасы және айтыс өлеңдерінің бейнелілік-музыкалық сипаты, өрнек-өлшемдері мен құрылыс-жүйесі, тіл, діл, діни-ағартушылық, атамекен турасындағы ой-толғаныстары, айтқыштық-импровизациялық өнері қарастырылады.

Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының қазақтың классикалық жыраулық поэзиясына әсер-ықпалы зерделенеді.



Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ.: Т. Омарбеков; Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан [және т.б.] - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 476 б.

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» деген атпен жарық көріп отырған оқулық университеттердегі тарихтан басқа мамандықта оқитын бакалавр студенттеріне арналған. Мұнда тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары болған ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық қозғалыстар және мемлекет құру идеяларынан бастап, Қазақстандағы большевиктік режимнің орнығуы және кеңестік модернизация, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасқан елге айналуы және осыған байланысты ұлттық, сондай-ақ әлемдік тарихнамадағы жаңа көзқарастар, тың деректерді, мұрағат қорларындағы құпия құжаттарды айналымға қосу негізінде тиянақты баяндалған.




Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылық өмірбаяны: монография / Н.Қ. Мәтбек. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 166 б.

Бұл монографияда ХІІ ғасырда Орталық Азияда өмір сүрген Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылығы және оның әдеби туындыларының қазақ әдебиетінен алатын орны, әдеби-көркемдік маңызы, тәрбиелік мәні талданады. Сүлеймен Бақырғани өмір сүрген дәуірдегі таным-түсінік және ой-сана зерделеніп, олардың шығармашыл тұлғаның хикметтері мен дастандарындағы көрінісі баяндалады. Ғылыми еңбекте Сүлеймен Бақырғанидың шығармаларының бұрын-сонды зерттелуі және оның шығармаларының әдеби құндылығы да қарастырылады.



Төлегенова Д.Қ. Биотехнологиялық үрдістің экологиялық аспектілері: оқу құралы / Д.Қ.Төлегенова. – Алматы: Альманахъ, 2019. – 151б.

Оқу құралында биотехнологиялық үрдістің экологиялық аспектілерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері, жалпы экологияның кейбір аспектілері, биотехнологияны қолдану салалары, өндірістік төгінді суларды тазарту биотехнологиясы, газ-ауа шығарылуларын биологиялық тазарту әдістері, биотехнологияда жасуша иммобилизациясының әдістері, минералды шикізатты бактериялық сілтіден айыру, органикалық қалдықтарды компостау және биодеградациялау, сонымен қатар биотехнологияны ауыл шаруашылығында қолдану мәселелері қарастырылған.



Маликова С.М. Энергия тиімді жобалау және құрылысы: оқу құралы/ С.М. Маликова, А.Б. Шингужиева. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 120 б.

Оқу құралында энергия тиімді үйлерді жобалау және салу негіздері көрсетілген. Мұндай үйлердің Қазақстан Республикасында және шетелдерде жобалану ерекшеліктері көрсетілген. Энергия тиімді үйлер құрылысында қолданылатын энергия тиімді технологиялар мен материалдар қарастырылған.



Насиев Б.Н. Агрохимия және тыңайтқыш қолдану: оқу құралы / Б.Н. Насиев. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 133 б.


Оқу құралында ауыл шаруашылығы дақылдарының қоректену ерекшеліктері және оларды тыңайту сұрақтары қарастырылған.

Оқу құралын сонымен бірге өсімдік шаруашылығы саласының мамандарының, фермерлер мен шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылық құрылымдарының басшыларының күнделікті тәжірибелерінде пайдалануларына ұсынылады.




Султанова М.Б. Экологиялық менеджмент: оқу құралы / М.Б. Султанова. - Алматы: Альманахъ, 2019. - 141 б.

Оқу құралында экономикалық даму және экологиялық жағдайдағы гармониялық денсаулықты жүзеге асыру бойынша ізденудегі табиғи ортаны қорғау проблемалары мен экономикалық тұрақты дамудың тұрақтылығы және нарық пен экологиялық қауіпсіздік, нарықтық экономика және экология, экологиялық бизнестің даму сұрақтары көрініс тапқан.



Габдулов, М.А. және т.б. Өсімдіктерді химиялық қорғау: оқу құралы / М.А. Габдулов, А.К. Тулеева, Г.М. Юсупова. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 292 б.

Оқулықта ауылшаруашылық дақылдарын зиянды ағзалардан (зиянкестер, аурулар, арамшөптер) химиялық жолмен қорғау мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ оқулықта химиялық қорғауда қолданылатын пестицидтердің әсер ету механизмімен қатар, өсімдік қорғау мақсатында қолданылатын химиялық заттар толық сипатталған. Жалпы бөлімде агрономиялық токсикологияның негіздері, пестицидтердің қоршаған ортаға әсері, санитарлық-гигиеналық және физикалық-химиялық қолдану қағидалары қарастырылған. Арнайы бөлімде Қазақстанда қолдануға рұқсат етілген пестицидтер туралы мәліметтер келтіріледі.




Жексембиева Н.С. Электр энергетикалық жүйелердегі энергия жинақтаушылар: оқу құралы / Н.С. Жексембиева, техн.ғыл.канд., доцент, Г.Г.Угаров, техн.ғыл.д-р, профессор. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 125 б.

Келешегі бар энергия жинақтаушылар қарастырылған, оларды таңдауға критериялар берілген.


Энергия жинақтаушылардағы физикалық процестерге, сипаттамалар мен математикалық моделдер ерекшеліктеріне, сонымен қатар энергия жинақтаушының түрлерін салыстыруға көп көңіл бөлінген.

Энергия жинақтаушыларды техникалық жүзеге асыру принциптері және оларды тиімді пайдалану аймақтары қарастырылған.



Асембаева М.К. Квалиметрия: оқу құралы. - 2-бас., өнд. толық. / М.К. Асембаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 124 бет.

Стандарттау және сертификаттау, сонымен қатар метрология мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін университет бағдарламасына сәйкес жазылған. Аталған мамандық бойынша бакалавриат студенттері үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдарды қамтиды және студенттерге жалпы өнім, өнім сапасы, өнім сапасын басқару әдістері, сапа басқару тәжірибелері және т.б. көптеген түсінік алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ квалиметрия курсы стандарттау және сертификаттау, сонымен қатар метрология мамандығы бойынша әртүрлі процестерге сапа жағынан түсініктермен студенттерді таныстыру, өнім сапасының жіктелуі, сапа көрсеткіштерінің номенклатурасы; өндірісте өнімнің сапасын басқару әдістерін қолдануды меңгеру; бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға дағдылану сияқты негізгі түсініктерді беруге көмектеседі.



Құнапина Қ.Қ. Тарихи тағылым - рухани құндылық: оқу-әдістемелік құралы / Қ.Қ. Құнапина, Л.Б. Момынтаева. - Өнд. толықт. 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 334 б.


«Тарихи тағылым - рухани құндылық» атты әдістемелік құралында мемлекеттік және халықаралық деңгейде, сонымен қатар өзге де аталып өтілетін мерекелі күндер, олардың тарихы, ерекшелігі, тарихи маңызы және өткізу шарттары ғылыми негізде жазылып, осы мерекелердің әрқайсысына Алматы қаласы мұғалімдерінің іс-тәжірбиесінен алынған үлгілі сабақтар, тәрбие сағаттары және сыныптан тыс жұмыстардың іс- шаралары жинақталып берілген.

Абдрахманов С. Өнер өлкесі: зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / Сауытбек Абдрахманов. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 656 бет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы Сауытбек Абдрахмановтың аты өнертанушы ретінде де ардақты. Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарындағы кино, театр рецензиялары арқылы қалың жұртшылыққа жастай танылған автордың өнер жөніндегі зерттеулері, мақалалары, сұхбаттары өзі 16 жыл бойы басқарған «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде 200 мыңнан астам таралыммен жүйелі жарияланып, дәйім оқырманның ыстық ықыласына бөленіп келді. Әйтсе де, бұған дейін олар топтастырылып, кітап күйінде шықпаған еді. Енді, міне, сол олқылықтың орны толғалы отыр.

«Өнер өлкесінен» сіз қазақ мәдениетінің майталман тұлғалары, әлемдік өнердің маржан туындылары туралы мол мәліметке қанығып, Ғабит Мүсірепов, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов, Людмила Зыкина, Махмуд Эсамбаев, Нұрмұқан Жантөрин, Михаил Ульянов, Андрей Кончаловский, Наталья Арынбасарова, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайруз Исмайылова, Сергей Соловьев, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Ескендір Хасанғалиев, Сатыбалды Нарымбетов, Нұржамал Үсенбаева сынды саңлақ суреткерлердің сырлы сұхбаттарын оқи аласыз.

Сауытбек Абдрахмановтың бұл кітабы қазақ мәдениеттанушылығының әлемдік өреде өрістеп келе жатқанын даусыз дәлелдейді. Терең таным мен нәзік талғам қаламгерлік шеберлікпен астасқандықтан да жинақ қызғылықты оқылады.




Мировая библиография по афидологии (Homoptera:Aphidinea). 1712-2007. Приложение / Автор-сост. и науч. ред. М.Я. Фолькина, канд. биол. наук. Библиогр. ред.: О.П. Бравач, Т.В. Вдовухина. - Алматы, 2019. - 464 с.



Мансуров З.А. Волластонит - универсальный армирующий наполнитель композиционных материалов: монография / З.А. Мансуров, Н.Н. Мофа, Т.В. Черноглазова. - Алматы: Казак университеті, 2018. - 308 с.

В монографии представлены основные сведения о волластоните как природного, так и искусственного происхождения, обладающего уникальными физико-химическими свойствами, которые позволяют использовать его в производстве керамики и огнеупоров, лакокрасочных материалов и пластических масс, бумаги, теплоэлектроизоляционных изделий, строительных материалов, фрикционных изделий и других видов продукции. Рассмотрены основные мировые месторождения волластонита, дана оценка промышленных запасов минерала и возможности развития производства волластонитовых концентратов в различных регионах земного шара. Республика Казахстан является единственным государством среди стран СНГ, обладающим большими промышленными запасами волластонита.




История и философия науки: учебник для всех специальностей магистратуры / И.Э. Сулейменов, О.А. Габриелян, З. Седлакова, Г.А. Мун. - Алматы: Казак университеті, 2018. - 336 с.

В учебнике рассматриваются базовые положения истории и философии науки, включая проблемы методологии науки, а также история становления научного знания. Рассматриваются функции науки в разрезе ее связи с обществом. Особое внимание уделено концепциям, связанным с проблемами становления постиндустриального общества и экономики знаний.

В учебнике вопросы истории и философии науки излагаются в тесной связи с теорией инноваций, а также текущими потребностями научно-технической сферы Республики Казахстан. Также раскрывается роль философии науки как инструмента, обеспечивающего высокую степень координации научной и технической деятельности, в которой остро нуждается Республика Казахстан для обеспечения качественного скачка в индустриально-инновационном развитии. Показана роль философии науки как средства обеспечения научного обоснования ответов на многочисленные геополитические вызовы, с которыми сталкивается Республика Казахстан в настоящее время.


Учебник построен с использованием богатого исторического материала, его отличительной особенностью является также простота и ясность изложения.





Библиотеки в информационном обеспечении реализации государственной культурной политики: материалы X Всероссийского совещания руководителей служб информации по культуре и искусству, Москва, 3 -4 октября 2017 г. / Российская гос. б-ка; [сост. А. В. Горбунова ; отв. за вып. И.П. Тикунова]. - Москва: Пашков дом, 2018.-218 с.

Сборник содержит материалы X Всероссийского совещания руководителей служб информации по культуре и искусству «Библиотеки в информационном обеспечении реализации государственной культурной политики» (3-4 октября 2017 г.), организованного Российской государственной библиотекой в партнерстве с Санкт-Петербургским государственным институтом культуры. В сборнике опубликованы доклады и сообщения участников, итоговый документ, новая редакция «Положения о Российской системе научно-информационного обеспечения сферы культуры», «Положение о VI Всероссийском смотре-конкурсе библиотек на лучшее электронное издание по культуре и искусству» и информация о победителях и лауреатах этого конкурса.



Савицкая Т.Е. Электронные библиотеки США: монография / Т.Е. Савицкая; Российская гос. б-ка. - Москва: Пашков дом, 2019. - 205 с.

В монографии анализируется история возникновения и основные структурно-функциональные особенности крупнейших электронных библиотек США, а также новые принципы их коллективного сотрудничества в процессе формирования инфраструктуры информационного общества. Отдельные главы посвящены Google Book Search, Проекту Гутенберг, Архиву Интернета, Цифровой публичной библиотеке Америки, Мировой цифровой библиотеке, Партнерству цифровых библиотек Nathi Trust, Проекту Миллион книг. В Приложениях приводятся документы IFLA, регламентирующие деятельность электронных библиотек.


Систематизация по таблицам Библиотечно-библиографической классификации: сборник методических рекомендаций / Министерство культуры Российской Федерации, Межведомственная рабочая группа по разработке предложений по инновационному развитию библиотек, Российская гос. библиотека. - Москва: Пашков дом, 2018. - 170 с. - (Инновации в библиотеках).

В издание включены материалы научно-практического семинара по сложным случаям систематизации, прошедшего 31 октября 2017 г., а также консультации Э. Р. Сукиасяна по различным вопросам, поступившим в адрес главного редактора ББК после семинара.

В приложениях к сборнику публикуются рекомендации по подбору и обучению систематизаторов и список рекомендуемой литературы.

Обзоры результативности экологической деятельности. Третий обзор: Казахстан / Европейская экономическая комиссия ООН. - Женева, 2019. - 493 с.

Третий Обзор результативности экологической деятельности (ОРЭД) Казахстана имеет особое значение для Европейской экономической комиссии Организации Объединенных Наций (ЕЭК), поскольку это пятидесятый ОРЭД, подготовленный ЕЭК. Он опирается на солидный опыт, накопленный ЕЭК и ее странами-членами в использовании данного инструмента для регулярной оценки прогресса, достигнутого в вопросах согласования национальных экономических и экологических задач. За прошедшие два десятилетия ОРЭД способствовали укреплению институтов управления в области окружающей среды, улучшению финансовых основ для охраны окружающей среды, совершенствованию систем экологического мониторинга и информации, усилению интеграции экологических вопросов в отраслевую политику, расширению участия общественности и активизации международного сотрудничества. ОРЭД объединяют передовую практику и богатый опыт всех стран - членов ЕЭК в процессе взаимообогащающего обмена знаниями.



Фурсенко Л.И. Публикации сотрудников научно-исследовательского отдела редких книг (Музея книги): библиогр. указ., 1918-2018 / предисл. Д.Н. Рамазановой; Рос.гос. б-ка, НИО редких кн. (Музей кн.). - Москва: Пашков дом, 2019. - 373 с.

Настоящее издание посвящено 100-летию юбилею научно-исследовательского отдела редких книг и представляет собой библиографический указатель вышедших за этот период публикаций сотрудников. В указатель включены книги, статьи и другие виды печатных работ, осуществленные отделом с 1918 по 2018гг. Публикации 2018 г. ограничиваются изданиями, вышедшими до ноября 2018 г. В указатель вошли только те труды сотрудников, которые были опубликованы ими во время работы в отделе редких книг.



Вишнякова Ю.И. Русские писчебумажные фабрики в первой трети XIX века. Справочник. - М.: Пашков дом, 2018. - 112 с.

Бумага - основной носитель информации в книжном деле и один из основных элементов материальной формы книги. До XVIII в. отечественные издания печатались преимущественно на бумаге иностранного происхождения, к началу XIX в. в России насчитывалось уже около 60 писчебумажных мануфактур. Именно на период первой трети XIX в. приходится расцвет производства тряпичной бумаги - и по количеству фабрик, и по массе, и по сортам. Всего в этот период на территории России действовали около 180 фабрик писчей бумаги, которые отражены в приведенной таблице с учетом следующих позиций: владелец фабрики, ее местоположение, краткая история, наличие и размеры оборудования, количество рабочих, объемы и сорта производимой бумаги.

